КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 қыркүйек №2301-24-00-2/2036 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Дәурен Данияруұлы Досқалиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 20 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Қумаргалиева
Жауапкер Д.Досқалиев
Прокурор А.Сағындықов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 4 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №107 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «климаттық (кондиционерлік) жабдықтауды және жүйелерді/ вентиляция жүйелері мен жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет» орындауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 800 000 теңге, орындау мерзімі – Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер толық көлемде орындалмай, жауапкермен кондиционерлер техникалық ерекшелікке сай қондырылмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары техникалық ерекшелікке сәйкес орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындамай, шарттық міндеттемелерді жартылай орындағанын, алайда жасалған жұмыстарға ақша төленбегенін, сондықтан әрі қарай жұмысты жалғастыруға мүмкіндігінің болмағандығын айтып, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 4 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №107 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға

«климаттық (кондиционерлік) жабдықтауды және жүйелерді/ вентиляция жүйелері мен жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет» орындауға міндеттенген. Орындау мерзімі – Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Тапсырыс берушінің өтінімі жауапкерге 2024 жылғы 10 маусымда электрондық портал арқылы жолданған.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызмет жұмыстары қызмет көрсетушінің материалдары мен қызмет көрсетуге қажетті бөлшектерін пайдалана отырып, тапсырушының кондиционерлердің сипаттамасына сай орындалуы тиіс. Алайда, жауапкермен кондиционерлер қосалқы бөлшектерсіз, сапасыз орындалғаны анықталған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, қызмет шартта белгіленген техникалық ерекшелікке сәйкес көрсетілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші орындаушыдан өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктірілген 25 күнге 20 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден 20 000 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшының пайдасына 600 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның жауапкер жеке кәсіпкер Дәурен Данияруллы Досқалиевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 20 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Дәурен Данияруллы Досқалиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Дәурен Данияруллы Досқалиевтен Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның пайдасына 20 000 (жиырма мың) теңге тұрақсыздық айыбы, 600 (алты жүз) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Дәурен Данияруллы Досқалиевтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Даурешова О.Ш.

Көшірмесі дұрыс

Судья Даурешова О.Ш.

Анықтама

Сот шешімі 2024 жылдың «25»желтоқсанында заңды күшіне енді

Судья Даурешова О.Ш.

« » бетте тігілді,
« » парақта нөмірленді
Судья О.Ш.Даурешова